



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

29.03.2021 № 2-010345-21-20012

18.03.2021 №ДЗ-113

**«Ақ жол» Қазақстан
Демократиялық партиясы
фракциясының
депутаттарына
(тізім бойынша)**

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау туралы

Құрметті депутаттар!

Бас прокуратура сіздердің бизнес субъектілерін қорғау туралы депутаттық сауалдарыңызды қарады.

Бақылау және қадағалау органдарының жауапкершілігі қазіргі уақытта билікті жүзеге асырудың тиімділігін арттырудың нақты әдісі ретінде үлкен маңызға ие.

Сондықтан адал бизнеске келтірген залалы үшін салық органдары шенеуніктерінің жеке жауапкершілігін енгізу мәселесі өте өзекті.

Зиян келтіргені үшін жария биліктің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ұйымдастыру деңгейінен азаматтық айналымның тұрақтылығы және халықтың мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарына деген сенім дәрежесі тәуелді.

Демек, ол нақты заңдық бекітуді, ал жауапкершілікті реттейтін қолданыстағы құқықтық нормалар – жүйелеуді, реттеуді және бір-біріне сәйкестендіруді қажет етеді.

Президент жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия отырысының 2020 жылғы 27 тамыздағы хаттамасының 1.2.3-тармағын орындау үшін Әділет министрлігіне (бұдан әрі – Министрлік) Бас прокуратурамен және «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп, бақылау-қадағалау органдарының заңсыз әрекеттерінің салдарынан болған зиянды (келтірілген залалды) өтеу және айырылып қалған пайданы өтеу тетіктерін жетілдіру жөнінде шаралар қабылдау тапсырылды.

Қазіргі уақытта Министрлік «Кейбір заңнамалық актілерге азаматтық заңнаманы жетілдіру және ағылшын және еуропалық құқық қағидаттары мен ережелерін имплементациялау негізінде кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайларды жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын дайындады.

Осы заң жобасында Азаматтық кодекске (бұдан әрі – АК) залалдарды өндіріп алу институтын жетілдіруге бағытталған түзетулер көзделген.

Атап айтқанда, АҚ-нің 9-бабына (азаматтық құқықтарды қорғау) толықтыру енгізу ұсынылады, онда егер сот шығындардың (келтірілген залалдың) бар екенін анықтаса, бірақ олардың нақты мөлшерін анықтау мүмкін болмаса, сот талап қоюдан бас тарта алмайды, ол міндеттеменің бұзылуына жол берілген адалдық, парасаттылық, әділдік және жауапкершіліктің мөлшерлестігі талаптарын негізге ала отырып, олардың мөлшерін өзі белгілеуге тиіс (мемлекеттік органдармен келісуде).

Екінші және үшінші мәселеге қатысты шаруашылық жүргізуші субъектілер ресімдеген құжаттардың белгіленген талаптарға формальды сәйкестігі мәміленің нақты жасалғанын айғақтамайтынын және салық салынатын базаны азайту үшін негіз болып табылмайтынын хабарлаймыз.

Салық салдарына азаматтық-құқықтық шарттардың өздері емес, оларды орындау үшін жасалатын қаржы-шаруашылық операциялар әкеп соғады.

Сондықтан мемлекеттік кірістер органдары мәмілелерді олардың нақты экономикалық мазмұны белгісіне бағалайды.

Салық кодексінің (бұдан әрі – СҚ) 400-бабы 1-тармағы 1) тармақшасының мәні бойынша, тауарларды алушы төлеуге жататын ҚҚС мөлшерін оның жеткізушісі бюджетке енгізген сомаға азайтуға (есепке жатқызуға) құқылы.

Демек, сатып алушыны ҚҚС бойынша есепке жатқызудың міндетті шарты – бұл соманы жеткізушінің бюджетке төлеуі, яғни салықтың бюджетке нақты түсуі.

Алайда іс жүзінде бұл талаптар сақталмайды. «Біркүндік» фирмалар өткізілетін тауарлар бойынша салықтарды есептемейді және төлемейді.

Жосықсыз өнім берушілерге қатысты салықтық бұзушылықтарды жоюға бағытталған шараларды қолдану мүмкін емес: орналасқан жері бойынша олар жоқ, шоттарда ақшасы және мүлкі жоқ.

Бұл сатып алушылардың көрсетілген жеткізушілермен жасалған мәмілелер бойынша сомаларды ҚҚС бойынша есепке жатқызудың құқыққа сыйымдылығын жоққа шығарады.

Салық төлеуші өзінің кіріс алуға бағытталған қызметіне байланысты осындай шығыстарды растайтын құжаттар болған кезде нақты жүргізілген шығыстарды шегерімге жатқызуға құқылы (СҚ-нің 242-бабы 3-тармағы).

Демек, өнімнің немесе жұмыс нәтижесінің болуы (мысалы, салынған объект) жеткіліксіз. Салық төлеуші мәлімделген сомаға контрагенттің салық есептілігінде өзі белгілеген сомадан сатып алғанын растауға міндетті.

Операцияларды жасау фактісінің құжаттық куәлігі салық есебі негізделетін шынайылық талаптарына жауап беретін бастапқы бухгалтерлік құжат болып табылады (Бухгалтерлік есеп туралы Заңның 1-бабы 1) тармақшасы, СҚ-нің 190-бабы 3-тармағы).

Сондықтан шығыстарды шегерімге және ҚҚС-қа жатқызу құқығы нақты қаржы-шаруашылық операциялары дәлелденген және контрагенттерде тауарларды, қызметтерді, жұмыстарды жеткізу үшін қажетті еңбек және материалдық ресурстар болған кезде ғана туындайды.

Көбінесе кәсіпкерлер оның контрагенті «бір күндік» екенін білмегенін көрсетеді.

Фирма «қолма-қол ақшаға айналдырушы» болып саналады, өйткені ол жалған шот-фактураларды шығарады және тауарларды өндірумен, сатумен, жеткізумен, қызмет көрсетумен айналыспайды, өйткені ол тауарды өндіруші де, жеткізуші де емес, мұндай операцияларды жүргізуге ешқандай ресурстары жоқ.

Демек салық төлеуші «бір күндік» фирмамен «байланысқанын» білмеуі мүмкін емес.

Қалай болғанда да, салық төлеуші өзінің контрагентінің сенімділігіне көз жеткізуі керек. Қазіргі уақытта заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер туралы толық ақпарат беретін көптеген ашық қызметтер бар (kelisimpartners.kz, pk.uchet.kz, tenderplus.kz және т.б.).

Конституцияның 13-бабының 1-тармағында әркімнің өз құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғау құқығы белгіленген. Осындай тәсілдердің бірі мәмілені жарамсыз деп тану болып табылады (АК-нің 9-бабы 1-тармағы).

Шартқа тек оның қатысушылары ғана емес, мүдделі тұлғалар, тиісті мемлекеттік орган немесе прокурор да дау айта алады (АК-нің 157-бабы 3-тармағы). Тиісті мемлекеттік органдардың тізбесі заңдарда белгіленеді (АПК-нің 55-бабы 1-бөлігі).

Салықтардың бюджетке толық түсуін қамтамасыз ету мақсатында салық органдарына мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы соттарға талап қою құқығы берілген (СК-нің 19-бабы 1-тармағының 10) тармақшасы).

Осыған ұқсас түсіндірме Жоғарғы Соттың «Салық заңнамасын қолданудың сот практикасы туралы» нормативтік қаулысында қамтылған.

Сондықтан құқықтық негіздер болған кезде салық органдары салықтар мен төлемдердің бюджетке толық және уақтылы түсуін қамтамасыз ету мақсатында сот арқылы мәмілені жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.

Мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы талап қоюлар бойынша жауапкерлер ретінде салық төлеушілер мен олардың контрагенттері (дауланатын мәміленің тараптары) тартылады, олар сотқа талап қоюларға қарсы қарсылықтарды негіздеп, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алудың дәлелді дәлелдемелерін ұсынуға құқылы.

Бұл дәлелдемелер, сондай-ақ салық органдарының құжаттары сот отырысында зерттелуге және олардың жиынтығында соттың бағалауына жатады.

Соттар қажетті активтердің, ғимараттардың, көлік құралдарының, материалдық және еңбек ресурстарының, есепке алынған операциялардың экономикалық мәнінің болмауына байланысты салық төлеушінің операцияларды нақты жүзеге асыруының мүмкін еместігін анықтай отырып, салық органдарының талаптарын қанағаттандырады.

«Қазақстан Республикасының «Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 17-бабы 2-тармағының 2 және 3) тармақшаларына сәйкес сот практикасын зерделеу және сот төрелігін іске асыру кезінде заңнаманы қолдану тәртібін түсіндіру Жоғарғы Соттың айрықша құзыретіне жатады.

Нақты сот актілерінің заңдылығын бағалау азаматтық істерді зерделеу нәтижелері бойынша ғана берілуі мүмкін. Сондықтан соттардың шешімдерімен келіспеген жағдайда кәсіпкерлік субъектілері оларды азаматтық іс жүргізу кодексінде көзделген тәртіппен және мерзімдерде даулауға құқылы.

Төртінші және бесінші мәселелер бойынша тиісті ақпаратты Үкімет оларды жауапты министрліктер мен ведомстволар егжей-тегжейлі пысықтағаннан кейін ұсынатын болады.

Бас прокуратура осы сауалды назарға алып, заңдылықты нығайту және кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауды күшейту бойынша одан әрі бірлескен жұмысқа дайындығын білдіреді.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының м.а.

Б. Асыллов



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

29.03.2021 № 2-010345-21-20012

18.03.2021 №ДЗ-113

**Депутатам фракции
Демократической партии
Казахстана «Ақ жол»
(по списку)**

О защите прав предпринимателей

Уважаемые депутаты!

Генеральной прокуратурой рассмотрен ваш депутатский запрос о защите субъектов бизнеса.

Ответственность контрольно-надзорных органов в настоящее время приобретает огромную значимость, выступая в качестве реального способа повышения эффективности реализации властных полномочий.

Поэтому вопрос о введении персональной материальной ответственности чиновников налоговых органов за нанесенный ущерб добросовестному бизнесу очень актуален.

От уровня организации гражданско-правовой ответственности публичной власти за нанесение вреда зависит стабильность гражданского оборота и степень доверия населения к госорганам и их должностным лицам.

Следовательно, она нуждается в четком юридическом закреплении, а имеющиеся правовые нормы, регулирующие ответственность, – в систематизации, упорядочении и приведении в соответствие друг другу.

Во исполнение пункта 1.2.3 протокола заседания Комиссии при Президенте по вопросам противодействия коррупции от 27 августа 2020 года Министерству юстиции (далее – Министерство) совместно с Генпрокуратурой и НПП «Атамекен» поручено принять меры по совершенствованию механизмов возмещения вреда (нанесенного ущерба) и компенсации упущенной выгоды, ставших следствием незаконных действий контрольно-надзорных органов.

На сегодня Министерством подготовлен проект Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты по вопросам совершенствования гражданского законодательства и улучшения условий для предпринимательской деятельности на основе имплементации принципов и положений английского и европейского права».

Этим законопроектом предусмотрены поправки в Гражданский кодекс (далее – ГК), направленные на совершенствование института взыскания убытков.

В частности, предлагается внести дополнение в статью 9 (защита гражданских прав) ГК, предусматривающее, что если судом установлено наличие убытков (нанесенного ущерба), но не удается определить их точный размер, суд не может

отказать в иске, он должен сам установить их размер, исходя из требований добросовестности, разумности, справедливости и соразмерности ответственности допущенному нарушению обязательства (на согласовании с госорганами).

Относительно второго и третьего вопроса сообщаем, что формальное соответствие оформленных хозяйствующими субъектами документов установленным требованиям не свидетельствует о реальном совершении сделки и не является основанием для уменьшения налогооблагаемой базы.

Налоговые последствия влекут не сами гражданско-правовые договоры, а совершаемые в их исполнение финансово-хозяйственные операции.

Поэтому органы государственных доходов оценивают сделки на предмет их подлинного экономического содержания.

Из смысла подпункта 1) пункта 1 статьи 400 Налогового кодекса (далее – НК) следует, что получатель товаров вправе уменьшить размер НДС, подлежащий уплате, на ту сумму, которую внес в бюджет его поставщик (отнести в зачет).

Следовательно, обязательным условием для отнесения покупателем в зачет по НДС является уплата этой суммы в бюджет поставщиком, то есть действительное поступление налога в бюджет.

Однако на практике данные требования не соблюдаются. Фирмы - «однодневки» налоги по реализуемым товарам не начисляют и не уплачивают.

Принять в отношении недобросовестных поставщиков меры, направленные на устранение налоговых нарушений, не представляется возможным: по месту нахождения они не находятся, денег на счетах и имущества не имеют.

Это исключает правомерность отнесения покупателями в зачет по НДС сумм по сделкам с указанными поставщиками.

На вычеты налогоплательщик вправе отнести фактически произведенные расходы при наличии документов, подтверждающих такие расходы, связанные с его деятельностью, направленной на получение дохода (п.3 ст.242 НК).

Следовательно, только лишь наличие товара либо результата работы (например, построенный объект) недостаточно. Налогоплательщик обязан подтвердить приобретение на заявленную сумму именно у обозначенного им в налоговой отчетности контрагента.

Документальным свидетельством факта совершения операций является первичный бухгалтерский документ, отвечающий требованиям достоверности, на котором основывается налоговый учет (пп.1) ст.1 Закона о бухгалтерском учете, п.3 ст.190 НК).

Поэтому право отнесения расходов на вычеты и НДС в зачет возникает только при доказанности фактического совершения финансово-хозяйственных операций и наличия у контрагентов трудовых и материальных ресурсов, необходимых для поставки товара, услуг, работ.

Зачастую предприниматели указывают на неосведомленность о том, что его контрагент - «однодневка».

Фирма считается «обнальной», поскольку осуществляет выписку фиктивных счетов-фактур и не занимается производством, продажей, поставкой товаров, оказанием услуг, так как не является ни производителем, ни поставщиком товара, не имеет никаких ресурсов для совершения таких операций.

Следовательно, налогоплательщик не может не знать, что «связался» с фирмой - «однодневкой».

В любом случае налогоплательщик должен убедиться в благонадежности своего контрагента. В настоящее время имеются множество открытых сервисов, предоставляющих полную информацию о юридических лицах и ИП (kelisimpartners.kz, pk.uchet.kz, tenderplus.kz и др.).

Пунктом 1 статьи 13 Конституции установлено право каждого защищать свои права, свободы и законные интересы всеми не противоречащими закону способами. Одним из таких способов является признание сделки недействительной (п.1 ст.9 ГК).

Оспорить договор могут не только его участники, но и заинтересованные лица, надлежащий государственный орган либо прокурор (п.3 ст.157 ГК). Перечень надлежащих государственных органов устанавливается законами (ч.1 ст.55 ГПК).

В целях обеспечения полноты поступления налогов в бюджет налоговые органы наделены правом предъявлять в суды иски о признании недействительными сделок (пп.10) п.1 ст.19 НК).

Аналогичное разъяснение содержится в нормативном постановлении Верховного Суда «О судебной практике применения налогового законодательства».

Поэтому при наличии правовых оснований налоговые органы в целях обеспечения полноты и своевременности поступления налогов и платежей в бюджет вправе через суд требовать признания сделки недействительной.

В качестве ответчиков по искам о признании сделок недействительными привлекаются налогоплательщики и их контрагенты (стороны оспариваемой сделки), которые вправе представить суду убедительные доказательства приобретения товаров (работ, услуг) в обоснование возражений против исков.

Эти доказательства, равно как и документы налоговых органов, подлежат исследованию в судебном заседании и оценке судом в их совокупности.

Суды, установив невозможность реального осуществления налогоплательщиком операций ввиду отсутствия необходимых активов, зданий, транспортных средств, материальных и трудовых ресурсов, экономического смысла учтённых операций, удовлетворяют иски налоговых органов.

В силу подпунктов 2) и 3) пункта 2 статьи 7 Конституционного закона «О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан» изучение судебной практики и разъяснение порядка применения законодательства при отправлении правосудия относится к исключительной компетенции Верховного Суда.

Оценка законности конкретных судебных актов может быть дана только по результатам изучения гражданских дел. Поэтому в случае несогласия с решениями судов субъекты предпринимательства вправе оспорить их в порядке и в сроки, предусмотренные Гражданским процессуальным кодексом.

По четвертому и пятому вопросам соответствующая информация будет предоставлена Правительством после их детальной проработки ответственными министерствами и ведомствами.

Генеральная прокуратура, приняв настоящий запрос к сведению, выражает готовность к дальнейшей совместной работе по укреплению законности и усилению защиты прав предпринимателей.

**И.о. Генерального Прокурора
Республики Казахстан**

Б. Асыллов



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ _____

Нұр-Сұлтан қаласы

19.03.2021 № 125

город Нур-Султан

**Демалыс туралы және міндеттерді
атқаруды жүктеу туралы**

«Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 4) тармақшасына, «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 71-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына, 72-бабының 3-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2021 жыл үшін ақылы жыл сайынғы еңбек демалысына 2021 жылдың 20-29 наурызы аралығында барамын.

2. Мен ақылы жыл сайынғы еңбек демалысында болған кезде Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқаруды Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары Б.Н. Асылқовқа жүктеймін.

Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры

Ғ.Нұрдәулетов